

**МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
THE MINISTRY OF EDUCATION AND SCIENCE OF THE REPUBLIC OF
KAZAKHSTAN**

**Л.Н.ГУМИЛЕВ ағ. ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ЕВРАЗИЙСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ УНИВЕРСИТЕТ имени Л.Н.ГУМИЛЕВА
L.N. GUMILYOV EURASIAN NATIONAL UNIVERSITY**

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ 20-жылдығына және экономика ғылымдарының докторы, профессор, ХАА және Ресейлік Жаратылыстану Академиясының академигі, «Қаржы» кафедрасының меңгерушісі Садвокасова Куляш Жабыковнаның 60-жас мерейтойына арналған «Жаңа нақты жаһандық жағдайда Қазақстан Республикасының қаржы-несие жүйесінің дамуы»

Халықаралық ғылыми- тәжірибелік конференциясының

ЕҢБЕКТЕРІ

ТРУДЫ

Международной научно-практической конференции

«Развитие финансово-кредитной системы Республики Казахстан в условиях новой глобальной реальности», посвященную 20-летию ЕНУ им. Л.Н.Гумилева и 60-летию доктора экономических наук, профессора, Академика МАИН и Российской Академии Естествознания, заведующей кафедрой «Финансы» Садвокасовой Куляш Жабыковны.

WORKS OF THE

international scientific- practical conference

"Development of the financial - credit system of the Republic of Kazakhstan in the new global reality", dedicated to the 20th anniversary of L.N. Gumilyov ENU and the 60th anniversary of Sadvokasova Kulyash Zhabykovna, doctor of economic sciences, professor, IA academician, academician of the Russian Academy of Natural Sciences and head of the department "Finance".

1 часть

Астана – 2016

Л.Н.ГУМИЛЕВ ат. ЕУАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ЕВРАЗИЙСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ УНИВЕРСИТЕТ имени Л.Н.ГУМИЛЕВА
L.N. GUMILYOV EURASIAN NATIONAL UNIVERSITY

Л.Н. ГУМИЛЕВ ат. ЕҰУ ЖАНЫНДАҒЫ ЗАМАНАУИ ЗЕРТТЕУЛЕР ИНСТИТУТЫ
ИНСТИТУТ СОВРЕМЕННЫХ ИССЛЕДОВАНИЙ ЕНУ имени Л.Н.ГУМИЛЕВА
IMS OF LN GUMILYOV ENU

ЭКОНОМИКАЛЫҚ ЗЕРТТЕУЛЕР ИНСТИТУТЫ
ИНСТИТУТ ЭКОНОМИЧЕСКИХ ИССЛЕДОВАНИЙ
ECONOMIC RESEARCH INSTITUTE



Орынбор мемлекеттік университеті
Оренбургский государственный университет
Orenburg State University



Пенза мемлекеттік университеті
Пензенский государственный университет
Penza State University



Тыва мемлекеттік университеті
Тувинский государственный университет
Tuvan State University



БМУ бизнес пен технология менеджменті институты
Институт бизнеса и менеджмента технологий БГУ
School of business and management of technology of BSU



Ресей халықтар достығы университеті
Российский Университет дружбы народов
Peoples' Friendship University of Russia



ТРУДЫ

Международной научно-практической конференции

«Развитие финансово-кредитной системы Республики Казахстан в условиях новой глобальной реальности», посвященную 20-летию ЕНУ им. Л.Н.Гумилева и 60-летию доктора экономических наук, профессора, Академика МАИИ и Российской Академии Естествознания, заведующей кафедрой «Финансы» Садвокасовой Куляш Жабьковны.

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ 20-жылдығына және экономика ғылымдарының докторы, профессор, ХАА және Ресейлік Жаратылыстану Академиясының академигі, «Қаржы» кафедрасының меңгерушісі Садвокасова Куляш Жабьковнаның 60-жас мерейтойына арналған «Жаңа нақты жаһандық жағдайда Қазақстан Республикасының қаржы-несие жүйесінің дамуы»

Халықаралық ғылыми- тәжірибелік конференциясының

ЕҢБЕКТЕРІ

WORKS OF THE

international scientific- practical conference

"Development of the financial - credit system of the Republic of Kazakhstan in the new global reality", dedicated to the 20th anniversary of L.N. Gumilyov ENU and the 60th anniversary of Sadvokasova Kulyash Zhabykovna, doctor of economic sciences, professor, IA academician, academician of the Russian Academy of Natural Sciences and head of the department "Finance".

ӘОЖ 336.13.012.24 (574)

УДК 336.13.012.24 (574)

ББК 65.9.(5каз)я431

«Жаңа нақты жаһандық жағдайда Қазақстан Республикасының қаржы-несие жүйесінің дамуы» Халықаралық ғылыми- тәжірибелік конференциясының еңбектері- Астана: Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, 2016 .-374 б.

Труды международной научно-практической конференции «Развитие финансово-кредитной системы Республики Казахстан в условиях новой глобальной реальности», Астана: Евразийский национальный университет им.Л.Н.Гумилева, 2016.-374с.

Works of the international scientific- practical conference "Development of the financial - credit system of the Republic of Kazakhstan in the new global reality", - Astana: L.N. Gumilyov Eurasian National University, 2016.-p.374.

Редакция алқасы:

САПАРОВА Б.С.– төрағасы, э.ғ.к., Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ «Қаржы» кафедрасының профессоры

КУЧУКОВА Н.К. - төраға орынбасары, э.ғ.д., ХАА академигі, РЖА академигі, Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ «Қаржы» кафедрасының профессоры

САДВОКАСОВА К.Ж. – э.ғ.д., профессор , ХАА академигі, РЖА академигі, Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ «Қаржы» кафедрасының меңгерушісі

АХМЕТЖАНОВА С.Б.- э.ғ.д., профессор, Ғылыми экономикалық сараптама орталығының директоры, Экономикалық зерттеулер институты

СЫДЫҚНАЗАРОВ М.Қ.- ф.ғ.к., саясаттану PhD, Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ жанындағы Заманауи зерттеулер институтының директоры

КОРОЛЕВ Ю.Ю. – э.ғ.к., доцент, БМУ Бизнес пен технология менеджменті институтының «Бизнес-администрирование» кафедрасының меңгерушісі

ПАРУСИМОВА Н.И. – э.ғ.д., профессор, Орынбор мемлекеттік университетінің «Банковское дело и страхование» кафедрасының меңгерушісі

КУЗНЕЦОВА Т.Е. - э.ғ.к., доцент, Пенза мемлекеттік университетінің кафедрасының меңгерушісінің орынбасары

ДОНГАК Ч.Г. - э.ғ.к., доцент, Тыва мемлекеттік университетінің «Экономика и менеджмент» кафедрасының меңгерушісі

ЖАМИЕВА А.Е. –хатшы, экономика магистрі, Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ «Қаржы» кафедрасының аға оқытушы

ISBN 978-601-7121-74-7 (ч.1)

ISBN 978-601-7121-71-6 (общ.)

УДК 336.13.012.24 (574)

ББК 65.9.(5каз)я431

© Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, 2016

© Евразийский национальный университет им. Л.Н.Гумилева, 2016

связи с этим возникает задача оценки устойчивости страхового сектора по отношению к воздействиям, порождаемым катастрофическими событиями. Решение этой задачи позволит определить величину ущерба, при которой необходимо вмешательство государства для смягчения негативных последствий. На сегодняшний день, в мире приоритет принадлежит нестраховым методам снижения и удержания риска. Однако, если в экономически развитых странах доля нестраховых методов составляет около 55% и за последние 25 лет имеет тенденцию к снижению, то в развивающихся странах она достигает почти 97% и меняется незначительно. Поэтому неудивительно, что около 93% затрат на ликвидацию ущерба от природных бедствий в этих странах покрывается за счет его удержания (компенсации) государством [2]. Тем не менее, в мировой практике страхование и перестрахование являются основными инструментами управления катастрофическими рисками.

Таким образом, перспективной видится «докатастрофная» модель страховой защиты с финансовой поддержкой государства, позволяющая управлять катастрофическими рисками посредством таких финансовых инструментов как: бюджетное субсидирование страховых взносов (государственное перестрахование), выпуск катастрофических бондов, формирование фондов катастроф. Механизм создания национального перестраховочного пула считаем целесообразным лишь в условиях развитого страхового рынка страны, с большим числом высоко капитализированных страховых организаций, финансовая устойчивость которых подтверждена международными рейтинговыми агентствами.

Литература

1. Катастрофический риск // Академик [Электронный ресурс]. - 2000-2014. - Режим доступа: <http://dic.academic.ru/dic.nsf/business/5780>. - Дата доступа: 20.03.2016.
2. Курчишвили, Н.Ю. Моделирование катастрофических рисков в страховом секторе экономики с использованием методов анализа выживаемости / Н.Ю. Курчишвили // Вестник Государственного университета управления. - 2012. - № 1. - С. 50-53.
3. Лисин, Е.М. Анализ вероятности разорения страховой компании от различных видов распределений страховых выплат / Е.М. Лисин, В.Стрелковский, Ю.А.Анисимова, Б.А. Хавкин // Вектор науки Тольяттинского государственного университета. - 2014. - № 3. - С. 181-186.
4. Понятие страхового риска и виды рисков // Страховой консультант [Электронный ресурс]. - 2010-2012. - Режим доступа: <http://www.askins.ru/index.php/page>. - Дата доступа: 21.03.2016.
5. Риск-менеджмент организации // Фикшнбук [Электронный ресурс]. - 2001-2016. - Режим доступа: http://fictionbook.ru/author/natalya_ermasova/risk_menedjment_organizacii/read_online.html?page=5. - Дата доступа: 18.03.2016.
6. Форд, И.О. Защита от катастрофических рисков // ЗАО МИГ «Страхование сегодня» [Электронный ресурс]. - 2003–2016. - Режим доступа: <http://www.insur-info.ru/analysis/637/>. - Дата доступа: 20.03.2016.
7. Форд, И.О. Формирование страховых механизмов компенсации ущерба от катастрофических рисков // ЗАО МИГ «Страхование сегодня» [Электронный ресурс]. - 2003–2016. - Режим доступа: <http://www.insur-info.ru/analysis/676.html/>. - Дата доступа: 20.03.2016.
8. Шинкаренко, Р. Страхование катастрофических рисков в аграрном секторе // Портал о сельскохозяйственном страховании [Электронный ресурс]. - 2006-2014. - Режим доступа: <http://www.agroinsurance.com/ru/analytics?pid=5885>. - Дата доступа: 21.03.2016.

УДК 368.17


ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ШАҒЫН ЖӘНЕ ОРТА БИЗНЕСТІ НЕСИЕЛЕНДІРУДІҢ ЖАЛПЫ ЖАҒДАЙЫНА ТАЛДАУ

Ильяс Ақылбек Абсалямұлы, «Қаржы» кафедрасының доценті, э.ғ.к.,
Муқанова Гульзада Жомартқызы, «Қаржы» мамандығының 2–курс магистранты,
Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті,

Елбасы биылғы Жолдауында шағын және орта бизнесті дамытуға байланысты бағыт-бағдар беріп өтті. Бүгінде еліміздің ішкі жалпы өнімдегі шағын және орта бизнестің үлесі 20%-дай ғана болса, енді ол 50%-ға дейін жетуі тиіс. Сондай жағдайда ғана біздің экономикасы тұрақты мемлекет болатынымызды айтқан еді ҚР Президенті Н.Назарбаев.

Қазақстанның әлемдегі ең дамыған 30 елдің қатарына кіру тұжырымдамасында алдағы жұмыстың ұзақ мерзімді басымдықтары белгіленген. Ондағы басым бағыттардың бірі ретінде шағын және орта бизнесті дамыту – ХХІ ғасырдағы Қазақстанды индустриялық және әлеуметтік жаңғыртудың басты құралы. Экономикада шағын және орта бизнестің үлесі артқан сайын Қазақстанның дамуы да соғұрлым орнықты бола түседі деп Жолдауда айтылған болатын

Қазақстан Республикасында шағын және орта бизнесті несиелеудің үш деңгейлі жүйесі қызмет етеді (сурет 1).



Сурет 1. ҚР шағын және орта бизнесті несиелеудің үш деңгейлі жүйесі
Е с к е р т у – [1] деректер негізінде құрастырылған

Бүгінгі күні Қазақстанның коммерциялық банктерінде экономиканың басым және перспективалы секторларын қаржылық қолдауға бағытталған бірнеше несиелік бағдарламалары бар:

- шағын және орта бизнесті несиелеудің аймақтық бағдарламасы;
- жеке тұлғаларды несиелеудің аймақтық бағдарламасы;
- шағын және орта агробизнесті несиелеу бағдарламасы;
- кәсіпорын кепілдігімен қызметкерлерін тұтынушылық мақсатта несиелеу бағдарламасы;
- Еуропалық Қайта құру және Даму банктің несиелік желісі бойынша шағын бизнесті несиелеу бағдарламасы;
- несиелік карточкалары бойынша, банктің жинақ шотына салынған ақшасының кепілдігі есебінен, жеке тұлғаларды несиелеу бағдарламасы;
- отандық өндірушілерге банктік қарыздар ұсыну бағдарламасы.
- «Еуропалық Қайта құру және Даму банктің несиелік желісі бойынша шағын бизнесті несиелеу бағдарламасы».

Екінші деңгейлі банктерге ұсынып отырған ең басты қаржы көзі «Даму» бағдарламасын ұсынуда. Қазақстан Республикасының бюджеті тарапынан халықаралық институттар шағын және орта бизнесті қаржыландырудың түрлі схемаларын ұсынып, несие желілерін енгізуде. Бүгінде шағын және орта бизнесті қолдау үшін келесі несиелік желілер жұмыс жасайды:

1. Шағын және орта бизнесті қолдау жөнінде германдық несие желісі
2. Әлемдік қайта құру және даму банкі
3. Азия даму банкі
4. Еуропалық қайта құру және даму банкі

Қазақстандағы Еуропалық қайта құру және даму банкінің несие желісі Қазақстанның Шағын Бизнес Бағдарламасымен ұсынылған. Қазақстанның Шағын Бизнес Бағдарламасы Еуропа Қайта Құру және Даму банкі мен АҚ «Қазақстан Республикасының Шағын Кәсіпкерлікті Дамыту Қорының» бірлескен ықыласы шағын бизнеске қаржыландырудың тұрақты және ұзақ мерзімді көзін Қазақстандық коммерциялық банктер арқылы ұсынуға бағытталған (сурет 2).



Сурет 2. Европалық қайта құру және даму банкінің екінші деңгейлі банктер арқылы шағын және орта бизнес субъектілерін несиелеу сызбасы
Е с к е р т у – [2] деректер негізінде құрастырылған

Европалық қайта құру және даму банкінің өкілдері Қазақстан Республикасының экономикасының диверсификациясына ықпал ететін, берілетін несиелердің кең географиясы мен түрлі бағытталғандығын атап көрсетеді. Мысалы, олардың 84% -нан астамы Астана мен Алматыдан тыс аймақтарға беріледі. Қазіргі кезде ай сайын 20 млн. АҚШ долл. сомасында 4 мың қарыз алушылар несиеленіп отырады. Несиеленетін салалар ауқымы өте кең-«базар сатушыларынан компьютер орталықтарына дейін, киімді шығаратындардан мал өсірушілерге дейін». Нәтижесінде, Қазақстанда 50 мыңнан аса жұмыс орындары ашылды.

Банктің Қазақстан Республикасы экономикасына инвестициясы 2013 жылы 685 млн. еуродан астам соманы құрады. Еске түсірсек, Қазақ Европалық қайта құру және даму банкінің шағын және орта бизнесті дамытуға берген займның жалпы сомасы 77,5 млн. АҚШ долл. және ол 3 займға бөлінген (әрбір келесі транш алдыңғысы қоланылғаннан кейін бөлінеді).

– I-займ мемлекеттің кепілдігімен 72,5 млн. АҚШ доллары көлемінде шағын және орта бизнесті несиелеуге бағытталған.

- II-займ — 2,4 млн. АҚШ доллары;
- III-займ — 2,6 млн. АҚШ доллары.

II және III-займдар техникалық көмек көрсетуге арналған. Техникалық көмекті Европалық қайта құру және даму банкінің кеңес берушілері соңғы қарыз алушыларға (шағын және орта бизнес субъектілеріне) займдарды беру жөнінде операцияларды жүргізуді және несиелік эксперттерін оқытуды қамтамасыз етеді. Әріптес-банктермен жемісті серіктестік күшейген кезде Қазақстанның Шағын бизнес бағдарламасын аймақтық кеңейту жоспарлануда (параллельді әрбір қарыз алушыға қызықты өнімдер мен процедураларды жасау жұмыстарын жалғастырумен қоса).

Еуропалық Қайта құру және Даму Банктің (ЕҚҚДБ) серіктестерінің бірі -«Халық банкі» АҚ-ы табылады. Еуропалық Қайта құру және Даму Банкі тарапынан несиелік желі бизнесінің көлеміне қарамастан әр бір кәсіпкердің несиелік алу мүмкіндігін арттыруға бағытталған. ЕҚҚДБ бағдарламасы бойынша несиелер ұсыну технологиясы - бұл несиелік өтінішін рәсімдеу процедурасын жеңілдету, яғни қарыз алушы бизнес-жоспар дайындамайды, банктің көрсететін барлық қызметтері: кеңес беру, құқылық құжаттардың несиелік сарпшымен дайындалуы және жинақталуы тегін жүргізіледі

ЕҚҚДБ Бағдарламасы банктік қарыздардың үш түрімен ұсынылған:

1. Экспресс микронесиелер (100-ден 1500-4000 АҚШ долларына дейін);
2. Micro несиелер (10000 АҚШ долларына дейін);
3. Small несиелер (10000 - нан 200 мың АҚШ долларына дейін).

Несиеге алынған қарыз ақша қызметтің келесі түрлеріне жұмсалмауы тиіс:

- әскери жабдықтарды өндіру немесе сату;
- темекі өндірісі;
- ішімдіктер;
- казино;
- валюта спекуляциясы;

- елдің экологиялық жағдайына нұқсан келтіретін қызметтер.
- іске қосылған бизнесті ғана несиелейді.

Банкке келетін әрбір клиент ең алдымен жобасының өміршеңдігін көрсететін нақты дәлелдерді беруі қажет. Ал банк өтініш білдірушінің шындығында да өз кәсіпорынын басқара алуына, оның қаржылық жағдайының қалыпты жағдайда екендігіне және оның ұсынған жобасы күмәнсіз пайда әкелетініне көзі жетуі керек.

Кесте 1
Микронесиелер ұсыну шарттары

	Стандартты шарттары	ЕҚҚДБ өкілдерімен арнайы келісу қажет болатын жағдайлар
Несие сомасы	Төменгі сома: жоқ Ең жоғары сома: 30.000. USD	-
Несие валютасы	АҚШ доллары (USD). Қазақстан теңгесі (KZT).	Несиені теңгемен АҚШ долларының валюталық баламасына есептей отырып ұсыну
Ұсыну реті	Клиенттің ағымды шотына банктік аудару Қолма қол 20,000. USD	20000 USD асатын сома Аймақтық Координациялық кеңсе мақұлдауымен ғана.
Несие мерзімі	3 айдан 12 айға дейін	13 айдан 24 айға дейін
Пайыз мөлшері	Серіктес банкпен келісілген саясатқа байланысты	
Өтеу кестесі	Негізгі қарыз және сыйақыларды тең төлемдермен ай сайын өтеу Жеңілдік кезеңі жоқ	Негізгі қарызды өтеудің еркін кестесі, (бір ақ негізгі қарызды мерзімнің соңында ғана өтеуге рұқсат берілмейді) Аймақтық Координациялық кеңсемен келісілгеннен кейінгі 2 ай жеңілдік уақыты болып табылады.
Е с к е р т у - [2] дерек көзі негізінде құрастырылған		

Бағдарлама бойынша берілген несиенің 25% өндіріс саласындағы кәсіпорындарға, оның ішінде жеңіл өнеркәсіпке тиді. Несиенің қалған бөлігі қызмет көрсету және сауда саласына келеді. Шағын және орта бизнес негізгі капиталға үлкен салымдарды қажет етпейді, көбіне айналым құралдарына мұқтаж. Несиелердің сомаларын, мерзімдерін және бағытталуын салыстыра отырып несиелерді құрылымын көруге болады: 1/3 — негізгі, 2/3 — айналым капиталға жұмсалады [2].

Европалық қайта құру және даму банкінің Қазақстанда Шағын бизнесті несиелеу Бағдарламасы бойынша мынандай қорытындылар жасауға болады:

1. Ірі өнеркәсіп қалаларында бизнес жақсырақ дамыған.
2. Микро және шағын несиелердің жаңа жұмыс орындарын құрудағы тиімділігі.
3. Несиелерді қарастыру мен берудің қысқа мерзімдеріне қарамастан несиелер портфелінің жақсы сапасына жетуге болады.

Қазіргі таңда екінші деңгейдегі банктердің шағын бизнес субъектілеріне берген несиелері және олардың сыйақы мөлшерлемесіне тоқталсақ, жылдан жылға артып отырғандығын көре аламыз (кесте 2).


Кесте 2

Екінші деңгейдегі банктердің шағын бизнес субъектілеріне берген несиелері және олардың сыйақы мөлшерлемесі*, млн. теңге

Жылдар	2013жыл		2014жыл		2015жыл
	млн. теңге	%	млн.	%	млн. теңге

Барлық несиелер	709 677	100	115 2245	100	1 869 851
оның ішінде:					
Ұлттық валютада:	499 357	70.3	762 145	66.1	1 307 456
Қысқа мерзімді	324 426	64.9	427 685	56.1	665 081
Ұзақ мерзімді	174 932	35.1	334 460	43.9	642 375
Шетел валютасында:	210 320	29.7	390 100	33.9	562 395
Қысқа мерзімді	68 207	32.4	146 288	37.5	172 591
Ұзақ мерзімді	142 113	67.6	243 812	62.5	389 805
Е с к е р т у – [3,4,5] дерек көздері негізінде құрастырылған					

Статистиканың деректеріне талдау жасайық. Деректерге сүйенсек, 2013 жылы барлық екінші деңгейдегі банктердің шағын бизнес субъектілеріне берген несиелерінің жалпы сомасы 709 677 млн. теңгені құраса, 2014 жылы 1 152 245 млн. теңге, ал 2015 жылы 1 869 851 млн. теңгені құрады. Берілген мәліметтерді диаграмма түріндегі бейнеленуін төмендегі 3-суреттен көре аламыз:



Сурет 3. Екінші деңгейдегі банктердің шағын бизнес субъектілеріне берген несиелері, млн.тг
Е с к е р т у – [3,4,5] дерек көзі негізінде құрастырылған

Жылдан жылға берілген несиелердің көлемі орташа есеппен тұрақты түрде 62%-ға артып отырғандығын байқаймыз. Егер құрамы бойынша талдасақ онда: аталған 3 жылда да берілген несиенің жартысынан көп бөлігі ұлттық валютада берілуде. Атап айтатын болсақ, 2013 жылы 70,3%-ын, ал 2014 жылы барлық несиенің 66,1%-ын, 2015 жылы 69,9%-ын ұлттық валютада берілгендігін аңғарамыз. Оған себеп халқымыздың ұлттық валютаға деген сенімімен түсіндіріледі.

Қазіргі кезде отандық кәсіпкерлерге төніп тұрған ешқандай қауіп-қатер жоқ, бизнестің «жүрегі» қалыпты соғып тұр. Оны дамытуға жағдай жасалып, заңнамаларға өзгерістер енгізілуде. Шағын және орта бизнес нысандарын тұрақты түрде несиелеуді қамтамасыз етуге өткен жылы 48,8 млрд теңге бөлінді. Қазір осы қаржының есебінен шағын кәсіпкерлікке қатысты 2207 жоба жүзеге асырылуда. Қазіргі кезде бөлінген қаржы екінші деңгейлі банктер арқылы толық игерілді. Бұған қоса, шағын және орта бизнесті несиелеуге Үкімет «Даму» қоры арқылы 50 млрд теңге бөлді. «Даму» қоры өз кезегінде бұл қаражаттың жартысын екінші деңгейлі банктерге салды. Бір тиімді болатыны, қаржы және экономикалық дағдарыстың әсерінен банктердің көпшілігі несие бойынша көлемін өсіріп жатқанда, бұл қаражат шағын және орта бизнес субъектілеріне 12,5 пайызбен беріледі. Бұл әрекет кәсіпкерлердің көпшілігін қолдауға, өз бизнесін кеңейтуге және жаңа бастаманы іске асыруға, түптеп келгенде жаңа жұмыс орындарын ашуға мүмкіндік береді.

Сайып келгенде, кәсіпкерліктің гүлденуіне жүйелі түрде жасалған іс-шаралардың әсері мол екені сөзсіз. Мәселен, корпоративтік табыс салығын төмендету шикізаттық емес сектордың ахуалын жақсартады. Бұл, әсіресе, шағын және орта бизнес өкілдеріне қатысты. Атап айтқанда, өндірісте, саудада кәсіпкерлік нысандар көбейсе, бұл инфляцияның қарқынын тежейді. Өйткені тұтыну нарығы салаларының кеңеюі және іскерлік белсенділіктің артуы жағымды инфляциялық ортаны

қалыптастырады. Ал экономикалық жағынан белсенді ортада ұлттық тұрақты даму орнығып, халықтың ертеңгі күнге деген сенімділігі артады.

Жоғарыда көрсетілген мәліметтер бойынша екінші деңгейлі банктердің шағын және орта бизнес субъектілеріне берілген несиелерін келесідей салаларға берілгендігін көрсетуге болады (кесте 3).

Кесте 3

2013-2014 жылдардағы экономика салалары бойынша екінші деңгейдегі банктердің шағын кәсіпкерлік субъектілеріне берген несиелері, млн. теңге

Салалар	Барлығы 2013ж	Барлығы 2014ж	Банкке жатпайтын заңды тұлғаларға 2013 жыл	Банкке жатпайтын заңды тұлғаларға 2014 жыл	% өсімі 2013-2014ж ж	Жеке тұлғаларға 2013 жыл	Жеке тұлғаларға 2014 жыл	% өсімі 2013-2014ж ж
Өнеркәсіп	60 671	165 319	49632	154 401	211%↑	11 039	10918	1.09%↓
Ауыл шаруашылығы	43 651	98 085	30215	82 470	172%↑	13 436	15 615	16.2%↑
Құрылыс	119 577	276 394	115021	270 945	135%↑	4 556	5 449	19.6%↑
Сауда	656 497	998989	153246	463300	202%↑	503251	535689	6.4%↑
өзге салалар	271 849	331 064	153118	200 053	30.6%↑	118731	131 011	10.3%↑
Республика бойынша барлығы	1 152 245	1 869 851	501232	1 171169		651 013	698682	

Е с к е р т у – [16, 17, 18] дерек көзі негізінде құрастырылған

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банктің мәліметтері бойынша 2014 жылы екінші деңгейлі банктердің шағын кәсіпкерліктің субъектілеріне берген несиелері 1 152 245 млн. теңгені құрады, соның ішінде банкке жатпайтын заңды тұлғаларға берілген несиелер көлемі 501 232 млн. теңгені құраса, жеке тұлғаларға берілген несиелер сомасы 651 013 млн. теңгені құрап отыр. 2015 жылы екінші деңгейлі банктердің шағын кәсіпкерліктің субъектілеріне берген несиелерінің сомасы 62,2%-ға артты, яғни 1 869 851 млн. теңгені құрады, соның ішінде банкке жатпайтын заңды тұлғаларға берілген несиелер көлемі 1 171169 млн. теңгені құраса, жеке тұлғаларға берілген несиелер сомасы 698682 млн. теңгені құрап отыр (кесте 4).

Кесте 4

2012-2013 жылдардағы аймақ бойынша екінші деңгейлі банктердің шағын кәсіпкерліктің субъектілеріне берген несиелері, млн.теңге

Облыстар	2014 жыл	2015 жыл
Ақмола	23 506	25 237
Ақтөбе	40 364	37 298
Алматы облысы	14 593	15 637
Атырау	37 283	36 204
Шығыс Қазақстан	72 613	76 060
Жамбыл	21 992	21 719
Батыс Қазақстан	26 524	27 644
Қарағанды	53242	67310
Қостанай	58 231	55 056
Қызылорда	17 365	19 884
Маңғыстау	46 360	37 581
Павлодар	51 366	48 672

Солтүстік Қазақстан	23 621	22 681
Оңтүстік Қазақстан	41497	63 189
Алматы қаласы	514 733	1225233
Астана қаласы	108 955	90 446
Республика бойынша барлығы	1 152 245	1 869 851
Е с к е р т у – [3, 4, 5] дерек көзі негізінде құрастырылған		

Жалпы, Қазақстанда шағын және орта бизнестің қалыптасуында орын алған жағдайды жақсарту үшін мемлекет мынадай іс-шараларды атқарып жатыр:

– несиелендірудің тиімді ставка көлемін 12,5% -дан асырмай ұстап тұру көзделді;

– шағын және орта бизнестің бір субъектісіне келетін мемлекеттік қолдау бойынша несие көлемі 750 млн. теңгеге дейін арттырылды;

– шағын және орта бизнестің субъектілері үшін несиені өтеу мерзімі 7 жылға дейін созылды.

Сонымен қатар, Қазақстан Республикасындағы шағын және орта кәсіпкерлікті дамыту жөніндегі жеделдетілген шаралар бағдарламасына сәйкес «Даму» қоры келесідегідей бағдарламаларды жүзеге асыру арқылы шағын кәсіпкерлікке қолдау көрсетіп отырды:

– жобалық қаржыландыру және лизинг;

– Қазақстандағы шағын несиелендіру жүйесін дамыту бағдарламасы;

– екінші деңгейлі банктерден алынатын орта және шағын бизнес несиелерін кепілдендіру.

2006 жылдың қыркүйек айынан бастап Қор «Қазына» тұрақты даму қоры» АҚ акционерлік холдингінің құрамында, ал 2008 жылдың қазан айынан бастап – «Самрұқ-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ ұлттық басқарушы холдингінің құрамында жұмыс істеуде.

Өзінің жұмыс істей бастаған уақытынан бері 2015 жылға дейін «Даму» қоры жалпы сомасы 33,3 млрд. теңгені құрайтын 2878 шағын кәсіпкерлік жобасын қаржыландырды, мұнысы екінші деңгейлі банктердің шағын бизнес субъектілеріне берген несиелерінің жалпы сомасының 2,2% пайызын құрайды.

«Даму» қоры шағын және орта бизнес субъектілерін несиелендіруге арнап екінші деңгейлі банктерде қаражаттарды негізделген түрде орналастыруда төрт бағдарламаны жүзеге асыруда:

1) Қаражаттарды екінші деңгейлі банктер арқылы негізделген түрде жайғастыру бағдарламасының 1-ші кезеңі (Тұрақтандыру бағдарламасының 1-ші кезеңі);

2) Қаражаттарды екінші деңгейлі банктер арқылы негізделген түрде жайғастыру бағдарламасының 2-ші кезеңі (Тұрақтандыру бағдарламасының 2-ші кезеңі);

3) Аймақтық бизнестің жобаларын жергілікті атқару органдарымен бірлескен түрде қаржыландыру бағдарламасы («Даму-Аймақтар» бағдарламасы);

4) Қаражаттарды екінші деңгейлі банктер арқылы негізделген түрде жайғастыру бағдарламасының 3-ші кезеңі (Тұрақтандыру бағдарламасының 3-ші кезеңі).

Аталмыш бағдарламаларды жүзеге асырудың нәтижесінде:

– 260 млрд. теңге мемлекеттік қаржы игерілді (екінші деңгейлі банктерде жайғастырылған қаражаттардың есебімен барлығы 324 млрд. теңге);

– 8 мыңнан астам жоба қаржыландырылып және қайта қаржыландырылды;

– 16 мыңнан астам жұмыс орны құрылып және сақталды;

– Мемлекеттік қаржыландырудың екінші деңгейлі банктердің несиелік қоржынындағы үлесі 14,8%-ға дейін, ал тұрақтай тұрақтандыру бағдарламалары шеңберінде – 18,5%-ға дейін артты.

Бүгінде «Даму» қоры – бұл шағын және орта бизнес субъектілеріне қаржылық, сондай-ақ қаржылық емес қолдау аспаптарын ұсынуға қабілетті ұлттық институт, Қазақстандағы кәсіпкерлікті қолдау шараларының негізгі операторы және интеграторы.

АҚ «Шағын Кәсіпкерлікті Дамыту Қорының» қызметінің негізгі мақсаты (кәсіпорын акцияларының 100%-ы Қазақстан Республикасының Үкіметіне тиесілі) Қазақстан Республикасының кәсіпкерлігін дамытуға жаңа өндірістер мен жұмыс орындарын құруды камтамасыз ететін шағын кәсіпкерлікті дамыту жобалары мен шараларын, мемлекеттік және аймақтық бағдарламаларды іске асыру шегінде мемлекет тарапынан бөлінетін қаржы құралдарын тиімді пайдалану болып табылады. Қазақстан Республикасы Ұлттық банкінің ұсынысымен екінші деңгейлі 7 банк-әріптес тандалды - Казкоммерцбанк, Қазақстанның Халық Банкі, банк Центркредит, банк ТуранАлем, Цеснабанк, Алматы сауда-қаржы банкі мен Темір банк. Бұл банктерде Қазақстанның шағын бизнес-

бағдарламасымен шағын және микро несиелерді жедел қарастыру үшін арнайы жасалған әдістемемен Шағын Бизнесі несиелеуге мамандандырылған секторлар құрылған: мысалы, қарыз алушылардың несиесі өтініштерін рәсімдеу процедурасын ықшамдау мақсатында бизнес-жоспарларды талап етілмейді, несиесі эксперттері кеңес беру мен заңдық құжаттарды дайындауды, жобаны сараптау мен кепілді бағалауды тегін жүргізеді [7].

«Даму» қоры шағын және орта бизнесті қолдау жөніндегі 13 қаржылық және 11 қаржылық емес бағдарламаларды жүзеге асырыпты. Қазіргі кезде «Даму» қоры Қазақстанның үдемелі индустриалдық-инновациялық дамуының 2011-2015 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы мен «Бизнестің жол картасы – 2020» бағдарламаларын жүзеге асыруда.

Соңғы екі жылдың ішінде мемлекеттік бағдарламалар аясында шағын және орта кәсіпкерліктің тоғыз мыңнан аса субъектілері қор арқылы 500 миллиард теңгеден астам соманың (80 пайыздан астамы мемлекеттің ақшасы) қаржылық қолдауын алды (кесте 5).

Кесте 5

«Даму» бағдарламалары бойынша шағын және орта бизнес субъектілеріне берілген қаржының салалар бойынша бөлінуі

Барлығы: оның ішінде:	100%
сауда саласына	45,7%
қызмет көрсету саласына	24,2%
өнеркәсіпке	17,2%
құрылысқа	5,2%
ауыл шаруашылығына	5,1%
көлік пен байланысқа	2,6%
Е с к е р т у – [6] дерек көзі негізінде құрастырылған	

«Даму» бағдарламалары бойынша шағын және орта бизнес субъектілеріне берілген қаржының былай бөлінгенін байқауға болады: сауда саласына – 45,7%; қызмет көрсету саласына – 24,2%; өнеркәсіпке – 17,2%; құрылысқа – 5,2%; ауыл шаруашылығына – 5,1%; көлік пен байланысқа – 2,6%. Байқап отырсыздар, нақты материалдық игіліктерді жасауға байланысты салаларға жалпы қаржының 24,7% ғана жұмсалып отыр.

Қазақстандағы бизнестің 90 пайызы – шағын және орта бизнес кәсіпорындарының үлесінде. Ал Еуропада олар 99%-ға жеткен. Сөз жоқ, Еуропа мұндай деңгейге шағын және орта бизнестің аяғына оралғы болатын әкімшілік, заңнамалық және өзге де кедергілерді жеңе отырып, жүздеген жылдарда жетті. Бірақ Қазақстанда шағын және орта бизнесті дамыту – әлі де өзекті мәселе. Статистика жөніндегі агенттіктің деректері бойынша, 2011 жылдың 1 желтоқсанында елде 1 миллион 84 мың 170 шағын және орта бизнес кәсіпорындары тіркелген. Оның ішінде белсенді түрде жұмыс істеп жатқандары – 628 мың 455 кәсіпорын. Осы тұрғыдан келгенде «Даму» қоры екі жылдың ішінде қаржылық көмек көрсеткен тоғыз мың кәсіпорын – ауыз толтырып айтатындай дүние емес. «Даму» қорының шағын және орта бизнесті қаржыландыру үшін екінші деңгейлі банктердегі салынған қаржы арқылы 10 мың 894 жұмыс орнын аштық дегенінің өзі дәл осы кезде елдегі шағын және орта бизнес саласында жұмыс істеп жатқан 2 миллион 145 мың 243 адаммен салыстыруға еш келмейді.

Қор 2015 жылдың 1 қаңтарына шаққанда Қазақстанда микрокредит беруді дамыту Бағдарламасы бойынша жалпы сомасы 6 051,83 млн. теңге болатын 199 жобаны, оның ішінде 2014 жылы жалпы сомасы 1 963,07 млн. теңгеге 100 жобаны қаржыландырды.

Осылайша, Қор микрокредит беруді дамыту Бағдарламасы шеңберінде профинансировал 199 МКО на общую суммужалпы сомасы 6 051,83 млрд. теңге болатын 199 МНҰ қаржыландырды, сонымен Қазақстандағы белсенді жұмыс жасап жүрген барлық МНҰ 40,04% қамтып, МНҰ қаржылай қолдаудың қамтамасыз етілуіне айтарлықтай үлес қосты.

Қазақстан Республикасында микрокредит беру жүйесі 1990-шы жылдардың ортасында пайда болды. Халықаралық жобалар шеңберінде құрылып, кейіннен қоғамдық қор болып қайта құрылған коммерциялық емес ұйымдар бірінші микроқаржы ұйымдары болған. Олар кедейшілікті жеңу және жобалық аймақтардағы халықтың жұмыспен қамтылуын қамтамасыз етуді алдарына міндет етіп, шектеулі аумақта халықтың белгілі бір мақсатты тобына халықаралық донорлар дереккөздерін пайдаланып, микрокредит берумен айналысқан.

Қазақстандағы шағын және орта бизнес субъектілерін несиелеу тәжірибесін зерттей келе бұл тәжірибелердің озық шетел тәжірибелерінен алынғандығы анықталып отыр. Қазақстан Республикасының ішкі құрылымдық және географиялық орналасу ерекшеліктері ескеріліп, экономика салаларын несиелеу барысында әрбір салаға тиімді келетін несиелік түрлері коммерциялық банктен, несиелік серіктестіктермен және баса да несиелік мекемелермен өздерінің шарттары бойынша ерекшеленіп бүгінгі таңда шағын және орта бизнес субъектілерін несиелеуде қолданылуда. Осы несиелерді алу мен қайтару барысындағы жағымды және кедергі болатын факторлар анықталып ұсынылып отыр.

Әдебиеттер:

1. Н. Нурсейт, Р. Нурсейтова Текущее состояние развития и кредитования малого бизнеса // Экономика и статистика. – 2003. - №2.
2. Программа кредитования малого бизнеса по кредитной линии Европейского банка Реконструкции и Развития // Банки Казахстана, 2010. -№3,- 9-10с.
3. Интернет ресурс: //http: www.nationalbank.kz. Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ресми сайты. 2012 жылғы статистикалық бюллетені
4. Интернет ресурс: //http: www.nationalbank.kz. Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ресми сайты. 2013 жылғы статистикалық бюллетені
5. Интернет ресурс: //http: www.nationalbank.kz. Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ресми сайты. 2014 жылғы статистикалық бюллетені
6. Интернет ресурс: //http: www.damu.kz. «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ-ң ресми сайты
7. 2008-2012 жылдарға арналған «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ-ның шағын және орта бизнесті тікелей қаржыландыру Бағдарламасы.

УДК654.034(574)

АНАЛИЗ РЫНКА ПЛАТЕЖНЫХ КАРТ В КАЗАХСТАНЕ

Кабашева Н.В.

к.э.н., и.о. доцента кафедры «Финансы» АО «Финансовая академия», Астана
Шамшинуров А.Б. магистрант АО «Финансовая академия», Астана

Уделяя большое внимание инновационным технологиям и качественному сервису, казахстанские банки стараются сделать пластиковые карточки основным платёжным средством. Однако именно наличные деньги остаются главным способом расчёта при осуществлении розничных платежей.

Развитие рынка платёжных карт является одним из важнейших факторов при достижении целей по сокращению расчетов наличными денежными средствами и развитию безналичных расчетов в сфере розничных платежей. Благодаря универсальности платёжной карты стало возможным решение различных задач не только в сфере розничных услуг, но и в социальной, бюджетной сферах[1].

На сегодняшний день, рынок банковских карт в Казахстане, показывает положительную динамику по количеству обращения пластиковых карточек и продолжает демонстрировать рост, по отношению к предыдущим годам. Данный вид банковского продукта является одним из наиболее динамично развивающихся сегментов казахстанского финансового рынка. Данный вид услуг представлен в достаточно широком ассортименте и объеме разнообразных карточных программ. В развитии рынка банковских пластиковых карт в Казахстане на сегодняшний день наблюдаются существенные диспропорции. Во-первых, банковские пластиковые карты в основном используются держателями не как полноценный платёжный инструмент, а как электронная сберкнижка для снятия наличных. Во-вторых, неравномерность уровней социально-экономического развития различных регионов Республики Казахстан влияет на состояние рынка платёжных карт. Основным объемом их эмиссии и эквайринга приходится на Астану, Алматы и еще несколько крупных городов с развитой инфраструктурой. Вдали от региональных центров и в слаборазвитых регионах пластиковые карты практически не используются, что, естественно, затрудняет институционализацию электронных денег как формы стоимости, которая, по определению, должна быть всеобщей. В-третьих, казахстанские платёжные системы пока не выдерживают конкуренции со стороны западных банков, что отрицательно сказывается на их доходности[2].

На сегодняшний день, в казахстанской практике расчетно-дебетовые карты, которые